N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES
ISSN 2224-526X
Volume 1, Number 43 (2018), 107 – 109

A. A. Rsymbetov

Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: ashat_rsymbetov@mail.ru

THE FORMATION OF SPRING WHEAT VARIETIES RESISTANT TO BROWN RUST DISEASE

Abstract. Kazakh-Siberian system (KASIB) of the spring wheat adaptation has been established by CIMMYT enterprise (Mourgunov and others, 2000) and unites 21 scientific selective institutions, and combines wheat area over 20 mln. hectares. Over 600 cultivars samples of common and durum wheat were examined as a result of the Kazakh-Siberian system (KASIB) cooperation of the spring wheat adaptation. There were determined the most high-yielding samples and samples with high resistance to effect of brown rust

Key words: KASIB, spring wheat, brown rust, stem rust, disease.

ӘӨЖ 632.4:633.11“321”

А. А. Рсымбетов

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

ЖАЗДЫҚ БИДАЙДЫҢ ҚОҢЫР ТАТ АУРУНА ТӨЗІМДІ СОРТ ҮЛГІЛЕРІН СҰРЫПТАУ

Аннотация. Жаздық бидайды жақсарту Қазақстан-сібір желісі (КАСИБ) СИММИТтің бастамасы бойынша құрылды (Моргунов және т.б., 2000) және 21 ғылыми селекциялық мекемелерді байланыстырады, бидайдың егістік алаңдарының 20 млн. гектардан астам ареалын біріктіреді. Іс-әрекет барысында жаздық бидайды жақсарту Қазақстан-сібір желісі (КАСИБ) егістіктерінде жаздық жұмсақ және қатты бидай сұрыптарының 600-ден астам сұрыптық үлгілері қарастырылды. Барынша өнімділікке ие үлгілер мен сондай-ақ қоңыр татқа барынша төзімділік көрсеткен үлгілер айқындалған болатын.

Түйін сөздер: КАСИБ, жаздық бидай, қоңыр тат, сабақ тат, аурумен зақымдану.

Жаздық дәнді бидай біздің экспортымыздың маңызды объектісі болып табылады. Жаздық бидайдың астығы негізінен нан, жарма, макарон өнеркәсібі және экспорт үшін қажет. Бірақ көбінесе өсімдіктерді өсірудің немесе сортты дұрыс таңдамайтын технологияның нәтижесінде бидай дәндерінің құнды қасиеттері азаяды және ол техникалық және жемшөп мақсаттарынаған қажет болып кала бермек. Жаздық бидайдың жоғары сапалы астығының жоғары, тұрақты өсімін қалыптастыру мақсатында үлкен ауқымды шаралар жүргізілуі тиіс. Қазіргі уақытта қоңыр таттың қауіпті рассасының таралуына байланысты тат ауруынан бидайдың өнімділігінің төмендеуінің басты себепшісі болып отыр, қоңыр тат ауруына төзімді бидай сорттарын анықтап алу үшін, (Жаздық бидайды жақсарту Қазақстан- Сібір жүйесі КАСИБ 2000 жылы құрылып қазіргі кезде 21 мекемені қамтиды) [1].

Жаздық бидайды жақсарту Қазақстан-сібір жүйесі 2013-2014 жылдар аралығында тат ауруына төзімді сорт үлгілерін анықтау үшін аймақ аралық бақылау жұмысына Ақтөбе Ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында, және, Омск, Мемлекеттік Ауыл шаруашылық университеті, Челябинск ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Қарабалық ауылшаруашылық тәжірибелік